

## Атаусыз көшелерге атау беру туралы

Түркістан облысы Сайрам ауданы Қайнарбұлақ ауылдық округі әкімінің 2020 жылғы 12 қазандағы № 106 шешімі. Түркістан облысының Әділет департаментінде 2020 жылғы 12 қазанда 5837 болып тіркелді

"Қазақстан Республикасының әкімшілік–аумақтық құрылысы туралы" Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы Заңының 14 бабының 4) тармақшасына сәйкес, халық пікірін ескере отырып және Түркістан облысы ономастика комиссиясының 2018 жылғы 10 тамыздағы қорытындысы негізінде Қайнарбұлақ ауылдық округінің әкімі **ШЕШІМ ЕТТІ:**

1. Қайнарбұлақ ауылдық округінің Әсіларық, Қасымбек датқа, Ошақты, Шіркін және Таскешу елді мекендеріндегі атауы жоқ көшелерге келесі атаулар берілсін:

- 1) Әсіларық елді мекеніндегі атауы жоқ көшеге - Көктем атауы;
- 2) Әсіларық елді мекеніндегі атауы жоқ көшеге - Шынарлы атауы;
- 3) Қасымбек датқа елді мекеніндегі атауы жоқ көшеге – Парасат атауы;
- 4) Қасымбек датқа елді мекеніндегі атауы жоқ көшеге - Көмешбұлақ атауы;
- 5) Ошақты елді мекеніндегі атауы жоқ көшеге - Жәдігер атауы;
- 6) Шіркін елді мекеніндегі атауы жоқ көшеге - Бейбітшілік атауы;
- 7) Таскешу елді мекеніндегі атауы жоқ көшеге - Жастар атауы;

2. "Сайрам ауданының Қайнарбұлақ ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы шешімнің "Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі Түркістан облысының Әділет департаменті" Республикалық мемлекеттік мекемесінде мемлекеттік тіркелуін;

2) ресми жарияланғаннан кейін осы шешімді Сайрам ауданы әкімдігінің интернет-ресурсына орналастыруын қамтамасыз етсін.

3. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

4. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қайнарбұлақ ауылдық  
округінің әкімі*

*Р. Есполай*